

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде  
«Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі  
келіссөз процесінің барысы туралы» тақырыбында  
2013 жылғы 18 қарашада өткен Үкімет сағатының  
нәтижелері бойынша  
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Экономикалық интеграция істері министрі Ж.С. Айтжанованың баяндамасын тыңдай келе, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

**Қазақстан Республикасының Үкіметі:**

1. Қолданылып жүрген заңнамадағы қалған сәйкессіздікті жою және ДСҰ-ға кіру шеңберінде қабылданатын міндеттемелерге толық сәйкес келтіруді қамтамасыз ету мақсатында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмысын жалғастырсын. Осы мақсатта ДСҰ-ға мүше мүдделі елдермен қосымша консультациялар жүргізісін.

2. Кеден одағы, ЕЭК шеңберінде және ДСҰ-ға кіру кезінде ұлттық мүдделерді одан әрі қорғау мақсатында экономикалық интеграция мәселелері бойынша келіссөз командасын институционалдық тұрғыдан күшейту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. ДСҰ келісімдеріне сәйкес келтіру мақсатында қорғау шараларын қолдану саласындағы ұлттық заңнамаға қажетті өзгерістер енгізісін. Кеден одағы шеңберінде шешімдер қабылданған кезде осы салада қазақстандық өндірушілер мен тұтынушылардың экономикалық мүдделері ғана негізге алынатын болсын.

4. ДСҰ қағидаларына сәйкес лицензиялау рәсімдерін сақтау, сондай-ақ әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында лицензияланатын тауарлар импортының негізсіз өсуіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Ұлттық заңнаманы жетілдіру және сәйкестікке келтіру мақсатында оған зияткерлік меншік құқықтары аясында қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмысын жалғастырсын.

6. Қабылданған техникалық регламенттерді іске асыру үшін стандарттарға сәйкестікті бағалайтын қажетті зертханалар санымен қамтамасыз ету жұмысын күшейтсін.

7. Ветеринарияның, фитосанитарияның және тамақ өнімдері қауіпсіздігінің ұлттық жүйесін жетілдіру жұмысын жүзеге асырсын. Осы бағытта қазақстандық өнімді халықаралық нарықта жылжыту үшін сертификацияланған зертханалармен қамтамасыз ету жұмысын күшейтсін.

8. Аграрлық саланы субсидиялауды қоса алғанда, қалған мәселелер бойынша келіссөздерді аяқтау жұмысын жалғастырсын.

9. Кеден одағының жұмыс істеуін, Қазақстанның ЕЭК-ке қатысуын және алдағы уақытта ДСҰ-ға кіруін ескере отырып, отандық өндірушілерді қолдау және олардың мүдделерін одан әрі жылжыту үшін қажетті жұмысты жалғастыратын болсын.